# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 мамыр №5165-24-00-2/1118 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Алғабас ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Вакилова» Вакилова Айжан Абдуахитқызы.

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысу деп тану.
2. Тұрақсызық айыппұл сомасын өндіру.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

«Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Алғабас ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Вакилова» Вакилова Айжан Абдуахитқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Вакилова» Вакилова Айжан Абдуахитқызынан мемлекеттің пайдасына барлығы 8 464,20 (сегіз мың төрт жүз алпыс төрт теңге жиырма тиын) теңге тұрақсыздық айыппұл мен 2 100 (екі мың бір жүз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 23.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 29.06.2024, судья Рүстем Б. М., 03.07.2024
5165-24-3-1/1100

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 23.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.06.2024, судья Рүстем Б. М., 03.07.2024

5165-24-3-1/1100